

Қазақстан Республикасы  
Судьялар одағының  
Орталық кеңесінің №36 қаулысымен  
2024 жылғы «10» желтоқсан  
бекітілген

**Судьялар одағының филиалы  
Судья әдебі жөніндегі комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Судьялар одағының филиалы Судья әдебі жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – Судьялар одағы) Жарғысына сәйкес әзірленді.

Комиссия қызметінің мақсаты – судьялардың Судья әдебі кодексін бұзуын алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ Кодекс талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

1.2. Судья әдебі жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) Судьялар одағының филиалы Конференция (бұдан әрі – Конференция) Жарғыда және осы Ережеде көзделген тәртіппен судьялар мен судьялар қоғамдастығының мүдделерін білдіру және іске асыру, сондай-ақ судьялардың қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекетте әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында құрады.

1.3. Комиссия қызметінің нысанасы судьяның қызметтік міндеттерді атқаруы кезінде не қызметтен тыс іс-әрекетінде сот билігінің беделінің төмендеуіне және судьяның беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан әдеп нормаларын бұзуына байланысты әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және жұртшылықтың, депутаттардың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және басқа да лауазымды адамдардың өтініштері (бұдан әрі – өтініштер), сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) жарияланымдарында, әлеуметтік желілерде және басқа да көздерде

қамтылған мәліметтер бойынша материалдарды қарау болып табылады.

1.4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын (бұдан әрі – Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заң), Судья әдебі кодексін, Судьялар одағының филиалы туралы ережені, осы Ережені, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

1.5. Комиссия өз отырысында осы Ережеге және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өтініштерді, ұсынымдарды, оларға материалдарды дайындау, зерделеу және қарау тәртібі бойынша жұмыс регламентін әзірлеп, бекіте алады.

## **2. Комиссияны құру тәртібі**

2.1. Комиссияны Судьялар одағы филиалының жоғары органы – шақыру және өткізу тәртібі Судьялар одағының Жарғысында көзделген Конференция құрады.

2.2. Конференция Судьялар одағының филиалы мүшелерінің, оның ішінде отставкадағы судьялардың арасынан балама негізде жасырын дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен, екі жыл мерзімге Комиссия Төрағасын, Хатшысын және мүшелерін сайлайды.

2.3. Комиссияның саны жағынан және персонал бойынша құрамын Конференция айқындайды.

2.4. Комиссия құрамына: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы мен сот алқаларының төрағалары, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің және Сот жюриінің мүшелері, Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшелері,

Судьялар одағының филиалдары Кеңестердің төрағалары, хатшылары мен мүшелері сайлана алмайды.

2.5. Судьяның Комиссия құрамынан шығуы үшін оның жеке арызы немесе судьялар конференциясының шешімі негіз болып табылады.

2.6. Комиссия құрамының (Комиссия төрағасының, хатшысының, мүшелерінің) елу және одан да көп пайызы шығып қалған жағдайда, Комиссияның жаңа құрамын сайлау Судьялар одағының Жарғысында және осы Ережеде белгіленген тәртіппен кезекті (кезектен тыс) Конференцияда өткізіледі.

2.7. Конференциялар арасындағы кезеңде филиал Кеңесі шығып қалғанның (Комиссия төрағасының, хатшысының, мүшесінің) орнына кезекті (кезектен тыс) конференция өткізілгенге дейін қалған мерзімге филиал мүшелерінің біреуін комиссия құрамына қоса алады.

### **3. Өтініштерді, материалдарды қарау негіздері**

3.1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Судьялар одағы филиалының Комиссиясы:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары мен сот алқаларының төрағаларына;

2) облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына қатысты жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және жұртшылықтың өтініштері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ұсынымдары бойынша Судья әдебі кодексі нормаларының сақталу мәселелерін қарайды.

3.2. Облыстық немесе оған теңестірілген сот филиалдарының Комиссиясы:

1) аудандық, ауданаралық, әскери, қалалық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, төрағаларына;

2) облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына;

3) облыстық және оларға теңестірілген соттардың сот алқаларының төрағаларына қатысты жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және жұртшылықтың өтініштері бойынша, сондай-ақ

мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ұсынымдары бойынша Судья әдебі кодексі нормаларының сақталу мәселелерін қарайды.

3.3. Судья әдебі кодексін бұзу туралы мәселені қарау үшін нәтижесінде Судья әдебі кодексінің ережелері бұзылған, сот билігі беделінің төмендеуіне және судьяның беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан, судья әдебіне қайшы келетін, атына нұқсан келтіретін теріс қылық жасауда, судьяның мінез-құлқында көрініс тапқан әрекеті (әрекетсіздігі) туралы БАҚ жарияланымдарында, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ұсынымдарында және басқа да ресми ақпарат көздерінде, жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттік қызметшілердің және жұртшылықтың өтініштерінде қамтылған мәліметтер негіз бола алады.

3.4. Судьялардың істерді қарау кезінде заңдылықты бұзуы туралы жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттік қызметшілердің және жұртшылықтың өтініштері, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ұсынымдары, сондай-ақ БАҚ жарияланымдарында және басқа да ресми ақпарат көздерінде қамтылған мәліметтер, сондай-ақ судьялардың Судья әдебі кодексінің нормаларын бұзуға жатпайтын процестік бұзушылықтары осы Ереженің қолданысына жатпайды, Комиссия қызметінің нысанасы болып табылмайды, қаралуға жатпайды, тиісті түсіндірмемен өтініш берушіге қайтарылады.

3.5. Судьяның Судья әдебі кодексінің нормаларын бұзғаны туралы фактілер (әрекеттің немесе әрекетсіздіктің мәні) баяндалмаған анонимді өтініштер, өтініштер, сондай-ақ Комиссия жауап берген қайталама өтініштер Комиссияның қарауына жатпайды және қараусыз қайтарылады.

## **4. Комиссияның өкілеттіктері**

4.1. Комиссия төрағасы:

- Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- жұмыс жоспарларын, Комиссия отырыстарының күн тәртібін әзірлейді және бекітеді, олардың орындалуын бақылайды;

- келіп түскен өтініштерді, ұсынымдарды, сондай-ақ Судьялар одағы Орталық кеңесінің қоғамдық тапсырмаларын Комиссия мүшелеріне бөліп береді;

- материалдарды зерделеуге және Комиссия шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

- бірінші жартыжылдық және жыл ішіндегі қызмет қорытындысы бойынша Судьялар одағының Орталық кеңесіне Комиссияның жұмысы туралы есептерді ұсынады;

- жыл қорытындысы бойынша Конференцияға, филиал Кеңесіне, Судьялар одағының Орталық кеңесіне және тиісті облыстық және теңестірілген сот судьяларының кеңейтілген жалпы отырысына судьялардың Судья әдебі кодексінің нормаларын сақтауының жай-күйі және Комиссияның атқарған жұмысы туралы хабарлайды;

- Комиссияның жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 4.2. Комиссия хатшысы:

- іс қағаздарын жүргізеді;

- Комиссия мүшелеріне Комиссия отырысының уақыты мен орны, күн тәртібі туралы хабарлайды;

- Комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

- Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарады.

#### 4.3. Комиссия мүшесі:

- материалдарды зерделейді, шешімдер жобалары мен сұрау салуларға жауаптар дайындауға қатысады;

- Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктеме алады;

- Комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеу үшін жазбаша түрде ерекше пікір білдіре алады;

- Комиссия қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

#### 4.4. Комиссия мүшесі:

- Комиссия отырыстарына қатысуға және Комиссия мен Комиссия төрағасы жүктеген қоғамдық тапсырмаларды орындауы тиіс;

- объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, судьяның әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты өтініштер мен ұсынымдарда баяндалған дәлелдерді жан-жақты және сапалы тексеруді қамтамасыз етуі тиіс.

## 5. Комиссия жұмысының тәртібі

5.1. Комиссия өз жұмысының тәртібін дербес айқындайды.

5.2. Комиссияға судьяның Судья әдеби кодексінің ережелерін бұзғаны туралы мемлекеттік лауазымды адамдардан, жеке тұлғалардан, заңды тұлғалардан және жұртшылықтан келіп түскен өтініштер, ұсынымдар, басқа да материалдар, сондай-ақ сыни материалдар (БАҚ-тан алынған үзінді көшірмелер мен үзінділер) және басқа да ақпарат көздерінің мәліметтері журналда (қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде) есепке алынуы тиіс.

5.3. Қоғамдық резонанс тудырған өтініштер, материалдар келіп түскен жағдайда, құжаттар тіркелгеннен кейін Комиссия төрағасы бұл туралы Судьялар одағының Орталық кеңесіне материалдардың көшірмелерін оның ресми мекенжайына немесе өзге де қолжетімді байланыс құралдары (электрондық мекенжай, мобильді қосымшалар және басқалар) арқылы бір жұмыс күні ішінде хабарлайды.

5.4. Комиссияның өтініштерді, ұсыныстарды, материалдарды қарауы, олар бойынша шешімдер қабылдауы анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайда қажетті мәліметтерді жинау бойынша объективті себептерге байланысты көрсетілген мерзім Комиссия төрағасының шешімімен ұзартылуы, бірақ тағы да бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Қарау мерзіміне қызметтік тексеру уақыты және судьяның дәлелді себеппен жұмыста болмаған уақыты кірмейді.

Комиссияға келіп түскен, судьяның Судья әдеби кодексінің ережелерін бұзғаны туралы өтінішті журналда тіркеу, ұсынымды, сондай-ақ сыни материалдарды (БАҚ-тан үзінді көшірмелер мен үзінділер) және басқа да ақпарат көздерінен мәліметтерді енгізу күні анықталған күн болып есептеледі. Осы мерзімді есептеу көрсетілген кезең аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап жүзеге асырылады.

Судьяға қатысты іс жүргізу теріс қылық анықталған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей және жасалған күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей басталуы мүмкін.

5.5. Комиссия судьяға қатысты келіп түскен материалдарды соттың үкімі не істі ақталмайтын негіздер бойынша тоқтату туралы қаулысы заңды күшіне енгенге дейін қарауды тоқтата тұрады, бұл туралы Судьялар одағының Орталық кеңесіне бір жұмыс күні ішінде хабарлайды. Бұл жағдайда тексеру жүргізу заңды күшіне енген сот актісі Комиссияға келіп түскен күннен бастап соттың үкімі немесе қаулысы негізінде қайта басталады.

5.6. Комиссия материалдарды қарау және өз құзыретіне жататын мәселелерді талқылау кезінде жеке және заңды тұлғалардың ашықтық пен ерік білдіру еркіндігі, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау кепілдігі, тараптардың теңдігі, судьялардың тәуелсіздігін сақтау және сот төрелігін іске асыру бойынша сот қызметіне араласпау қағидаттарын басшылыққа алады.

5.7. Комиссия отырыстарды ашық не жабық нысанда өткізеді.

5.8. Судьяның және оның отбасы мүшелерінің жеке өмірі туралы мәліметтерді жария етуге жол бермеу мақсатында, сондай-ақ егер материалдарда құпиялылығына байланысты нормативтік актілер бойынша қолжетімділігі шектелген мәліметтер болса және өзге де жағдайларда Комиссияның шешімі бойынша отырыс жабық нысанда өткізілуі мүмкін. Отырысты өткізу (ашық, жабық) нысаны туралы шешімді Комиссия жай көпшілік дауыспен қабылдайды.

5.9. Комиссия төрағасы келіп түскен материалдар бойынша тексеру жүргізуді (материалдарды зерделеу, мүдделі тұлғалардан сауал алу, құжаттарды сұрату және т.б.) Комиссия мүшелерінің біреуіне тапсырады. Жекелеген мәселелерді пысықтау үшін Комиссия төрағасы немесе мүшелері келісу бойынша кадр қызметін немесе ішкі қауіпсіздік бөлімін тексеруге тарта алады.

5.10. Тексеру нәтижесі бойынша жазбаша қорытынды шығарылады, ол электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште Комиссия мүшелеріне зерделеу үшін беріледі және Комиссия төрағасы тағайындаған күні өзі бекіткен отырыстың күн тәртібіне сәйкес Комиссия отырысында қаралады.

5.11. Судьяның Судья әдебі кодексінің нормаларын бұзу фактісі анықталған кезде өтініш авторының шағымды кері қайтарып алуы шағымды қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

5.12. Комиссия отырысына судья, ал қажет болған жағдайда басқа да мүдделі тұлғалар шақырылады.

Шақыру (хабарлама/хабар) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе жеделхатпен, «Төрелік» сот органдарының ақпараттық-талдамалық жүйесі арқылы не электрондық пошта мекенжайына не ұялы байланыстың абоненттік нөміріне СМС хабарламамен немесе хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Әрекеттері (әрекетсіздігі) Комиссия отырысында талқылауға жататын судья өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, ұялы байланысының абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігімен танысқанын өз қолын қойып растайды, ал көрсетілген байланыс құралдарына жіберілген хабарлама (хабар) дұрыс және жеткілікті деп есептеледі.

Судья шақыруды (хабарламаны/хабарды) қабылдаудан бас тартқан кезде оны жеткізетін немесе табыс ететін адам шақыруға (хабарламаға/хабарға) тиісті белгі қояды, ол Комиссияға қайтарылады.

Комиссия отырысына шақыру судьяны тексеру материалдарымен таныстыру үшін қажетті уақыт ескеріле отырып, бірақ Комиссия отырысы басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

Өтінішхат болған кезде судьяға тексеру материалдарымен танысу мүмкіндігі отырыс күніне дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде берілуі тиіс.

Судья тексеру материалдарымен танысқан кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау жөніндегі талаптар қамтамасыз етілуі тиіс.

Судья тексеру материалдарымен танысу процесінде мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді және кез келген көлемде жазып алуға, құжаттардың көшірмелерін ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы.



Комиссия шақыру алынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде судьяға өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беруге және судьяға қатысты тіркелген мәліметтер бойынша құжаттарды зерттеу және материалдарға қоса тіркеу үшін ұсынуға міндетті.

5.13. Судья отырыс басталғанға дейін кемінде үш тәулік мерзімде Комиссия төрағасына филиал мүшесінің (судьяның, отставкадағы судьяның не зейнеткерлікке шыққан судьяның) мүдделерді білдіруге жазбаша келісуін қоса бере отырып, Комиссия отырысына өзінің заңды мүдделерін білдіру мақсатында Судьялар одағы филиалы мүшесінің (судьяның, отставкадағы судьяның не зейнеткерлікке шыққан судьяның) отырысқа қатысуы туралы өтінішхатпен жүгіне алады. Әрекеті талқылауға жататын, судьяның мүдделерін білдіретін адамға (судьяға, отставкадағы судьяға не зейнеткерлікке шыққан адамға) осы Ереженің 5.13-тармағында көзделген ережелер қолданылады.

5.14. Судьялар одағының Орталық кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша Комиссияның ашық (жабық) отырысына тексеру материалдарымен танысу және отырысқа қатысу үшін Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің арасынан өкіл жіберілуі мүмкін.

Комиссия отырысында Судьялар одағының Орталық кеңесінің өкілі қаралатын мәселенің мәні бойынша жеке пікірін білдіреді.

Комиссия отырысына қатысқан Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі судьяның Комиссия шешіміне шағымы (ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынымы, Судьялар одағы филиалы төрағасының шағымы) Судьялар одағының Орталық кеңесіне келіп түскен жағдайда, Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында тиісті шағымды (ұсынымды) қарау кезінде дауыс беруге қатыса алмайды.

5.15. Әрекеті Комиссия отырысында талқылауға жататын судья Судьялар одағының Орталық кеңесіне өтінішті материалдарымен бірге Судьялар одағының басқа филиалының Комиссиясы қарау үшін беру туралы дәлелді өтінішхатпен алдын ала жүгіне алады. Судьялар одағының Орталық кеңесі өтінішхатты қарау кезінде материал бойынша іс жүргізу тоқтатыла тұрады.

Әрекеті талқылауға жататын судьяның өтінішхатын Орталық кеңес судьяның өтінішхатын қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығара отырып, қысқа мерзімде қарайды.

Әрекеті талқылауға жататын судьяның өтінішхаты қанағаттандырылған кезде өтініш пен материалдар Судьялар одағының басқа филиалының Комиссиясына қарау үшін беріледі.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің судьяның өтінішхатын қарау нәтижесі бойынша шығарған шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

5.16. Теріс қылығы қаралуға жататын судьяның Комиссия отырысына дәлелсіз себептермен келмеуі, егер оған материалдарды қарау күні туралы тиісті түрде уақтылы хабарланған болса, материалдарды қарауға кедергі болып табылмайды. Қажет болған жағдайда Комиссия отырысқа өтініш авторын (бастамашысын) шақырады.

Теріс қылығы қаралуға жататын судьяның Комиссия отырысына келмеуінің дәлелді себептері болған кезде Комиссия отырысы судьяның арызы бойынша қажетті уақытқа кейінге қалдырылуы мүмкін.

5.17. Комиссия отырысы қашықтықтан, оның ішінде қажет болған жағдайда аудио және (немесе) бейне байланыс құралдары қолданыла отырып, сауалнама парақтары, бейнеконференцбайланыс жүйелері және басқа да ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып өткізілуі мүмкін.

5.18. Комиссия отырысында тексеру тапсырылған Комиссия мүшесінің баяндамасы тыңдалады, әрекеті талқыланатын судьяға дәлелдерді баяндау үшін сөз беріледі, қажет болғанда шақырылған адамдардың түсіндірмелері тыңдалады, материалдар жария етіледі.

5.19. Материалдарды қарау нәтижесі бойынша Комиссия мүшелері шешімді кеңесу бөлмесінде сырттан ықпал ету мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда дауыс беру арқылы қабылдайды. Егер отырысқа Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысса және қабылданған шешімге қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берсе, Комиссия шешімі заңды болады. Дауыстар тең болған кезде материалдары қаралатын судьяның жағдайын жақсартатын шешім

қабылданды деп есептеледі. Комиссия мүшесі дауыс беруден қалыс қала алмайды. Қабылданған шешіммен келіспеген Комиссия мүшесі Комиссия отырысының хаттамасына қосу үшін ерекше пікірін жазбаша түрде баяндай алады. Комиссия мүшелері кеңесу бөлмесінің құпиясын сақтауға міндетті.

5.20. Комиссия шешімі жазбаша нысанда шығарылады және отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері, оның ішінде ерекше пікірі бар Комиссия мүшесі қол қояды. Дауыс беру нәтижесі бойынша шешімнің қарар бөлігін отырыста төрағалық етуші жария етеді.

Комиссия шешімі негізделген болуы тиіс.

Судьяның әдеп бойынша теріс қылық жасағанын не жасау фактісінің жоқ екенін куәландыратын фактілер туралы қажетті мәліметтер баяндалған шешім негізделген деп есептеледі.

Комиссияның ашық, жабық отырысына қатысқан адамдар материалдарды қарау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуі тиіс.

5.21. Комиссия шешімінің көшірмелері бес жұмыс күні ішінде әрекеттері Комиссияның қарау нысанасы болған адамға және Судьялар одағының тиісті филиалының Төрағасына пошта арқылы не жеткізілуін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

5.22. Шешім Комиссия материалдарында болады. Өтініштері бойынша Комиссия отырыстары өткізілген адамдарға, олардың сұрау салулары бойынша судьяға қатысты өтінішті қарау нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі. БАҚ-қа Комиссия шешімінің көшірмесін беру, егер мазмұнында сот билігінің беделіне нұқсан келтірілмеген, құпия мәліметтер қамтылмаған жағдайда, теріс қылығы талқылауға жататын судьяның жазбаша келісуі болған жағдайда мүмкін болады.

Хабарлама пошта арқылы не хабарламаның жеткізілуін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

5.23. Сот жюриі туралы ережеде көзделген жағдайларда Комиссия шешімінің көшірмесі материалдарымен бірге Сот жюриінің құзыреті шеңберінде қарау үшін Сот жюриіне жіберіледі.

## **6. Комиссия шешімінің түрлері, қолданылу мерзімі және жазаны мерзімінен бұрын алып тастау**

6.1. Материалдарды қарау нәтижесі бойынша Комиссия мына шешімдердің біреуін:

6.1.1. судьяның судья әдебіне қайшы келетін, атына нұқсан келтіретін теріс қылық жасау фактісін тану және:

1.1) судьяны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін материалдарды Сот жюриіне жіберу туралы шешім шығаруды;

1.2) қоғамдық мін тағу;

6.1.2. судьяның әрекеттерінде әдеп нормаларын бұзу фактісі анықталмаған (расталмаған) жағдайда іс жүргізуді тоқтатуды қабылдайды.

Сондай-ақ, егер Комиссия отырысында өтінішті (ұсынымды) қарау сәтінде судья атқаратын лауазымынан босатылған жағдайда, іс жүргізу тоқтатылуға жатады.

6.2. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды Сот жюриіне жіберу туралы шешім шығарылған жағдайда, тәртіптік теріс қылық анықталған күн деп Судья әдебі жөніндегі комиссия атына нұқсан келтіретін теріс қылықты жасау фактісі анықталған шешім шығарған күн болып есептеледі. Ал шешімге шағымдану жағдайында Судьялар одағы Орталық кеңесінің қаулысы шығарылған күн атына нұқсан келтіретін теріс қылықты жасау фактісі анықталған шешім шығарған күн болып есептеледі.

6.3. Судьяның судья әдебіне қайшы келетін, атына нұқсан келтіретін теріс қылық жасау фактісін тану туралы Комиссия шешімінің қолданылу мерзімі, егер судьяға қатысты атына нұқсан келтіретін теріс қылық жасау фактісін тану туралы жаңа шешім бір жыл ішінде қабылданбаса, ол қабылданған күннен бастап алты айдан аспауы тиіс.

6.4. Комиссия судьяның судья әдебіне қайшы келетін, атына нұқсан келтіретін теріс қылық жасау фактісін тану туралы шешім шығарған күннен бастап үш ай өткен соң судьяның өзіне қатысты шығарылған өтініші бойынша Судьялар одағының Орталық кеңесінің

шешімімен шешімді алып тастауға негіздер болған кезде шешім алынуы мүмкін.

Сот жюриі тәртіптік жаза қолданған жағдайда, тәртіптік жазаны алып тастау мәселелерін заңнамада белгіленген тәртіппен басқа тиісті органдар шешеді.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің өтінішті қарау нәтижесі бойынша қабылданған шешіміне шағымдануға болмайды.

## **7. Комиссия шешіміне шағымдану**

7.1. Судья, сондай-ақ Судьялар одағының тиісті филиалының төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Судьялар одағының Орталық кеңесіне Комиссия шешіміне шағымдануға құқылы.

Шағым Комиссияға беріледі.

Комиссия шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей материалды Судьялар одағының Орталық кеңесіне жібереді.

Судьяның, сондай-ақ Судьялар одағының тиісті филиалы төрағасының Комиссия шешіміне шағымы Комиссия шешімінің көшірмесі алынған не ол осы Ереженің 5.12-тармағында көзделген тәртіппен шешімнің табыс етілуін тіркеуді қамтамасыз ететін тәсілмен жіберілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей Одақтың Орталық кеңесіне беріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Комиссия қабылдаған шешім туралы өзіне белгілі болған күннен бастап бір ай ішінде Комиссия шешіміне тікелей Одақтың Орталық кеңесіне шағымдануға құқылы. Бұл жағдайда Одақтың Орталық кеңесі судьяға қатысты материалдарды тиісті Комиссиядан сұратады.

Комиссия шешіміне шағымданудың белгіленген мерзімі дәлелді себептермен өткізіліп алынған жағдайда, судьяның өтінішхаты бойынша бұл мерзімді Одақтың Орталық кеңесі қалпына келтіре алады.

Мерзімді өткізіп алудың дәлелді себептері ретінде ауру, еңсерілмейтін күштің расталған мән-жайлары және судьяның шағым беру мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер болуы мүмкін.

Шағымдану үшін өткізіп алынған мерзім шағымды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіздердің бірі болуы мүмкін.

7.2. Комиссия шешіміне шағым Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында Судьялар одағы Орталық кеңесінің Жұмыс регламентінде көзделген тәртіппен қаралады. Судьялар одағының Орталық кеңесінің шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

7.3 Судья әдебі жөніндегі комиссия судьяның және (немесе) өтініш авторының өтінішхаты бойынша Сот жюриі шешім қабылдағанға дейін судьяға қатысты бұрын қабылданған шешімді қайта қарауы мүмкін.

7.4 Шешімді қайта қарау туралы өтінішхатты өзіне қатысты шешім қабылданған судья және (немесе) өтініші бойынша шешім қабылданған автор Судья әдебі жөніндегі комиссияға бере алады.

7.5 Судья әдебі жөніндегі комиссияға белгілі болмаған және өздері немесе бұрын белгіленген мән-жайлармен бірге басқа шешім қабылдауға негіз болатын мән-жайлар шешімді қайта қарау үшін негіз болып табылады.

## **9. Қорытынды ережелер**

8.1. Жыл қорытындысы бойынша Комиссия іс қағаздарын жүргізу мәселелерін реттейтін нормативтік актілердің талаптарына сәйкес материалдардың архивін жасайды және оларды архивте сақтауды қамтамасыз ету үшін филиал Кеңесіне береді.

8.2. Комиссия осы Ереженің 2.2-тармағында көзделген өкілеттік мерзімі өткен жағдайда немесе конференцияның шешімі бойынша өз қызметін тоқтатады.

8.3 Осы Ереже 2024 жылғы 10 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілсін. Ереже қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады.

8.4 Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Орталық кеңесінің 2021 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен бекітілген Судья әдебі жөніндегі комиссиясы туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

\*\*\*

Утверждено  
постановлением  
Центрального Совета  
Союза судей  
Республики Казахстан №36  
от « 10 » декабря 2024 года

## **ПОЛОЖЕНИЕ** **о Комиссии по судейской этике филиала Союза судей**

### **1. Общие положения**

1.1. Настоящее Положение о Комиссии по судейской этике филиала Союза судей (далее – Положение) разработано в соответствии с Уставом Республиканского общественного объединения «Союз судей Республики Казахстан» (далее – Союз судей).

Цель деятельности Комиссии – предупреждение и пресечение судьями нарушений Кодекса этики судей, а также обеспечение выполнения требований Кодекса.

1.2. Комиссия по судейской этике (далее – Комиссия) образуется Конференцией филиала Союза судей (далее – Конференция) в порядке, предусмотренном Уставом и настоящим Положением, в целях выражения и реализации интересов судей и судейского сообщества, а также обеспечения соблюдения судьями этических норм в служебной и внеслужебной деятельности.

1.3. Предметом деятельности Комиссии является рассмотрение материалов по обращениям физических, юридических лиц и общественности (далее – обращения), депутатов, государственных органов, органов местного самоуправления и других должностных лиц, а также сведениям, содержащимся в публикациях средств массовой информации (далее - СМИ), социальных сетях и других источниках о действиях (бездействиях) судьи, связанных с нарушением им этических норм при исполнении служебных обязанностей либо во внеслужебной деятельности, что повлекло

умаление авторитета судебной власти и причинение ущерба репутации судьи.

